

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің 1996 жылғы 21 наурыздағы N 1 шешімінен туындайтын қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1996 жылғы 30 сәуір N 2969. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 сәуірдегі № 26 Жарлығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 17.04.2019 № 26 Жарлығымен.

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде:

- Үкіметтің шетел азаматтарының Қазақстан Республикасындағы мәртебесі және онда болуының мәселелерін қозғайтын бұрын қабылданған актілерін " Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына U952337_ сәйкес келтірсін әрі орталық және жергілікті органдардың осы Заңның талаптарын мүлтіксіз орындауын қамтамасыз етсін;

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттермен шекарасындағы бақылау-өткізу пункттерін қалпына келтіру, бюджеттен қажетті қаржы бөлу, ішкі істер органдарының бақылау-өткізу пункттерінің қызметін қамтамасыз етуге таратылатын қызметкерлердің штат санын өсіру мәселесін қарасын және бұлардың қалыпты жұмыс істеуіне жағдай туғызуға байланысты өзге де мәселелерді шешетін болсын.

2. Шекаралас облыстардың әкімдері бақылау-өткізу пункттерінің қалпына келтірілуі мен қызметіне жәрдем көрсетсін.

3. Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мемлекеттік тергеу комитеті, Бас прокуратура қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы іс қимылды неғұрлым тығыз үйлестіру мақсатында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің тиісті мемлекеттік органдарымен қажетті консультациялар өткізсін.

4. Осы өкімнің атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы Б.М.Тұрсынбаевқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

